

Текелі қаласы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және біріңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 41-274 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2015 жылы 23 қазанда № 3497 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2016 жылғы 05 ақпандағы № 47-303 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 05.02.2016 № 47-303 шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 387-бабының 1-1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Текелі қаласы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және біріңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. "Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Б. Есболатов) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және қалалық мәслихатының интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Текелі қалалық мәслихатының " Бюджет және экономика мәселесі бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Д. Нүсіпов
Н. Калиновский*

